




Кіріктірілетін ыдыс жуу машинасы

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ



MID45S060-C

Ескерту: Бұл құралды қолданбас бұрын осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта анықтама үшін сақтаңыз. Өнімді жақсарту мақсатында дизайн мен техникалық сипаттамаларды ескертусіз өзгертуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін сатушыға немесе өндірушіге хабарласыңыз. Нұсқаулықтағы барлық суреттер схемалық болып табылады және түпнұсқадан өзгеше болуы мүмкін.

АЛҒЫС ХАТ

Midea техникасын сатып алғаныңыз үшін рахмет! Қолданар алдында осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейінірек пайдалану үшін сақтаңыз. Осы Нұсқаулықтың мәтінінде сіз құрылғының дұрыс жұмыс істеуі және қызмет көрсетуі туралы қажетті ақпаратты таба аласыз. Аталған сақтық шараларын сақтау тұрмыстық техниканы пайдалану барысында сіздің уақытыңыз бен қаражатыңызды үнемдеуге көмектеседі.

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	3
ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	6
ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	8
ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ.....	9
ОРНАТУ	10
ЖҰМЫС ПРОЦЕДУРАСЫ.....	17
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ КҮТІМІ.....	31
АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	34
САУДА БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ МӘЛІМДЕМЕ.....	38
ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУ.....	39

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Қолдану саласы

- Төмендегі қауіпсіздік ұсынымдары құрылғыны қауіпті немесе дұрыс пайдаланбау нәтижесінде туындайтын күтпеген қауіптердің немесе зақымдардың алдын алуға арналған. Қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін құрылғыны әкелген кезде, оның қаптамасының және құрылғының зақымдалмағанына көз жеткізу үшін, оны тексеріңіз. Егер қандай да бір зақым тапсаңыз, сатушыға хабарласыңыз.
- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін құрылғыға өзгертулер енгізуге рұқсат етілмейтінін ескеріңіз. Құрылғыны дұрыс пайдаланбау пайдаланушыға қауіп төндіреді және кепілдік міндеттемелерін жоғалтуға әкеледі.

Шартты белгілер



ҚАУІП

Бұл белгі аса қауіпті газдан туындаған адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп бар екенін көрсетеді.



ЭЛЕКТР КЕРНЕУІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Бұл белгі кернеудің адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін білдіреді.



ЕСКЕРТУ

Бұл белгі қажетті сақтық шаралары қолданылмаса, өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды көрсетеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Бұл белгі жеңіл немесе шамалы жарақат алу қаупін, сондай-ақ мүлікке және қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндігін ескертеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Белгі маңызды ақпаратты көрсетеді (мысалы, материалдық шығынды) бірақ адам өміріне қауіп төндірмейді.



НҰСҚАУЛАРДЫ ОРЫНДАҢЫЗ

Бұл белгі тек пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес құрылғыға қызмет көрсетуі тиіс сервистік орталықтың маманына жүгіну ұсынылатынын көрсетеді.

Құрылғыны пайдалану/іске қосу алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейінірек пайдалану үшін қол жетімді жерде сақтаңыз.



ҚАУІПТІЛІК: Өрт қаупі / жанғыш материалдар

- Егер машина зақымдалған болса, оны өндіруші, оның сервистік агенті немесе ұқсас біліктілігі бар тұлғалар жөндегенге дейін пайдалануға болмайды. Электр тоғының соғу қаупі бар!
- Бұл құрылғы тұрмыстық және ұқсас орталарда пайдалануға арналған, мысалы:
 - дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да қызметтік үй-жайлардағы қызметкерлерге арналған асүйлер;
 - шаруа қожалықтары;
 - қонақ үйлер, мотельдер және қонақтардың тұруына байланысты басқа да тұрғын үй түрлері;
 - «төсек және таңғы ас» сияқты тұру жағдайлары бар қонақ үйлер.
- Бұл құрылғыны 8 жасқа дейінгі балалар мен дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі және тәжірибесі немесе білімі жеткіліксіз адамдар, олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның қарауында болған немесе оларға электр құрылғысын қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретін және оны пайдаланумен байланысты қауіп туралы түсінік беретін тиісті нұсқаулықтар алған жағдайларды қоспағанда, пайдалана алмайды.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Бұл құрылғы тек үй ішінде пайдалануға арналған.
- Электр тоғымен зақымдану қаупін болдырмау үшін құрылғыны, сымды немесе ашаны суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз.
- Құралды тазалау және қызмет көрсету алдында оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құралды тазалау үшін жұмсақ жуғыш затпен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз, содан кейін оны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Егер қуат сымы зақымдалған болса, қауіпті жағдайларды болдырмау үшін оны өндіруші немесе оның қызмет көрсету агенті немесе ұқсас біліктілігі бар маман ауыстыруы керек.
- Ыдыс жуу машинасын автокөлікте пайдалансаңыз, оны көлік тұрақта тұрғанда ғана пайдаланыңыз.
- Жуғыш заттар мен тазалағыш заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



Жерге тұйықтау нұсқаулықтары


- Бұл құрылғы жерге тұйықталған болуы керек. Ақаулық немесе бұзылу жағдайында жерге тұйықтау электр тоғына ең аз қарсылық жолын қамтамасыз ету арқылы электр тоғының соғу қаупін азайтады.
- Бұл құрылғы жерге тұйықтау сымы бар ашамен жабдықталған. Аша барлық жергілікті нормалар мен қаулыларға сәйкес орнатылған және жерге тұйықталған тиісті розеткаға қосылуы тиіс.
- Құрылғының жерге тұйықтау сымының дұрыс қосылмауы электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін. Егер сіз құрылғының жерге тұйықталуының дұрыстығына күмәндансаңыз, білікті электрик маманына немесе қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
- Құрылғымен бірге жеткізілген аша розеткаға сәйкес келмесе, өзгертпеңіз. Тиісті розетканы орнатуды білікті электрикке тапсырыңыз.
- Ыдыс жуатын машинаның есігіне немесе ыдыс салынатын сөресіне отырмаңыз немесе оның үстіне шығып тұрмаңыз.
- Егер корпусстың барлық панельдері дұрыс орнатылмаған болса, ыдыс жуатын машинаны қоспаңыз.
- Құрылғыны электр желісінен ажырату үшін қоректендіру сымына тартпаңыз. Құрылғыны тек ашасынан ұстап тұрып ажыратыңыз.

- Ыдыс жуатын машина жұмыс істеп тұрған кезде есікті өте абайлап ашыңыз - судың шашырау қаупі бар.
- Ауыр заттарды ашық есікке қоймаңыз және оған тұрмаңыз. Құрылғы алға қарай аударылуы мүмкін.
- Жууға арналған заттарды жүктеу кезінде:
 - 1) Өткір заттарды есіктің тығыздағышына зақым келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз;
 - 2) **Ескерту:** Пышақтар мен өткір ұштары бар басқа да заттарды себетке ұшымен төмен қаратып жүктеу немесе көлденең қалыпта орналастыру керек.
- Ыдыс жуатын машиналарға арналған кейбір жуу құралдары өте сілтілі. Оларды жұтып қойған жағдайда өте қауіпті болуы мүмкін. Теріге және көзге тигізбеңіз және есік ашық болған кезде балаларды ыдыс жуу машинасынан аулақ ұстаңыз.
- Жуу циклші аяқталғаннан кейін жуғыш заттың қалдықтары жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Пластикалық заттарды ыдыс жуу машинасында жуу қауіпсіздігі туралы белгі болмаса, оларды жууға тыйым салынады. Егер пластикалық заттарда мұндай белгі болмаса, өндірушінің ұсыныстарын тексеру керек.
- Автоматты ыдыс жуатын машиналарда пайдалануға ұсынылған жуу және шаю құралдарын ғана пайдаланыңыз.
- Ыдыс жуу машинасында ешқашан сабын, кір жуу ұнтағын немесе ыдыс жуғыш затты қолданбаңыз.
- Есікті ашық қалдырмаңыз, ашық қалған есік соғылу немесе сүріну қаупін артады.
- Орнату кезінде қуат сымы тым майысып немесе қысылып қалмауы керек.
- Басқару элементтерін ашпаңыз.
- Құрылғыны розеткаға қол жеткізу еркін болатындай етіп орнатыңыз.
- Су құбырына қосылу үшін құрылғымен бірге келетін жаңа шланг жиынтықтарын пайдалану керек, ескі шланг жиынтықтарын қайта пайдалануға болмайды.
- Электр қуатын үнемдеу мақсатында күту режимінде құрылғы пайдаланушының араласуынсыз 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.
- Жууға арналған ыдыс-аяқ жинағының максималды саны- 9.
- Кірістегі судың максималды рұқсат етілген қысымы 1 МПа.
- Кірістегі ең аз рұқсат етілген су қысымы - 0,04 МПа.

Кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулар

- Қаптама мен құрылғыны кәдеге жарату үшін қайта өңдеу орталығына хабарласыңыз.
- Кәдеге жаратпас бұрын қуат сымын кесіп, есіктің жабылатын құрылғысын істен шығарыңыз.
- Картон қаптамасы қайта өңделген қағаздан жасалған және қайта өңдеу үшін макулатураны қабылдау пунктіне тапсырылуы тиіс.
- Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін кері жағдайда осы өнімнің қалдықтарын дұрыс пайдаланбау салдарынан туындауы мүмкін ықтимал теріс салдардың алдын алуға көмектесесіз.
- Бұл өнімді кәдеге жарату туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті әкімдікке және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату қызметіне хабарласыңыз.
- **КӘДЕГЕ ЖАРАТУ:** бұл өнімді сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтар ретінде тастамаңыз. Мұндай қалдықтарды арнайы өңдеу үшін бөлек жинау керек.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ



Биіктігі (H)	815 мм
Ені (W)	448 мм
Тереңдігі (D1)	550 мм (есік жабық кезде)
Тереңдігі (D2)	1150 мм (есік 90° ашық болғанда)

Жиынтықтылық

Шлангілері бар ыдыс жуатын машина - 1 дана.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана.
1830 мм су құятын шлангі - 1 дана.	Кепілдік талоны - 1 дана.
1614 мм су төгетін шлангі - 1 дана.	Есікті ілуге арналған жинақ және схема - 1 дана.
1500 мм ашасы бар қуат кабелі - 1 дана.	Жуғыш заттың Промо-қаптамасы* - 1 дана.
Тұз қосуға арналған шұқанақ - 1 дана.	ЫЖМ биіктігін арттыру үшін аяқтар - 3 дана.

*Промо-акцияларда болуы мүмкін

Техникалық сипаттамалар

Бренд	MIDEA
Үлгі	MID45S060-C
Стандартты жиынтық сыйымдылығы	9
Энергия тиімділігі класы 1	A
Жылдық энергия тұтынуы 2	176 кВт/сағ.
Стандартты бағдарламаның бір цикліндегі энергия шығыны	0.615 кВт/сағ.
Өшірулі режимде қуат тұтынуы	0.45 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	0.49 Вт
Жылдық су тұтынуы 3	2520 л
Кептіру тиімділігі класы 4	A
Стандартты жуу бағдарламасы 5	ECO 45 °C
Стандартты бағдарлама ұзақтығы	198 мин
Шу деңгейі	49 дБ(А)
Орнату түрі	Кірістірілген
Кірістіру мүмкіндігі	Иә
Номиналды қуат	1760-2100 Вт
Электр қуаты	220-240В~/50 Гц
Су қысымы (қысым күші)	0.04-1.0МПа=0.4-10 бар

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:


- 1** А-дан (ең жоғары тиімділік) G-ге дейін (ең төмен тиімділік).
- 2** Жылына энергия тұтыну суық сумен толтыруды және қуаттылығы аз режимдерді тұтынуды пайдалана отырып, жуудың 280 стандартты цикліне негізделеді. Нақты қуат тұтыну құрылғының қалай қолданылатынына байланысты.
- 3** Жылына суды тұтыну 280 стандартты жуу циклына негізделген. Суды нақты тұтыну құрылғының қалай қолданылатынына байланысты.
- 4** А-дан (ең жоғары тиімділік) G-ге дейін (ең төмен тиімділік).
- 5** Бұл бағдарлама кәдімгі ластанған ыдыстарды жууға жарамды және жалпы энергия тұтыну және ыдыстың осы түріне су шығыны тұрғысынан неғұрлым тиімді бағдарлама болып табылады.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Сыртқы түрі

● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ыдыс жуу машинаңыздан ең жақсы нәтиже алу үшін оны бірінші рет қолданар алдында нұсқаулықты оқып шығыңыз.




● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Осы нұсқаулықтағы суреттер тек анықтамалық мақсатта берілген және нақты көріністен өзгеше болуы мүмкін.

ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ

Құрылғының жұмысымен толық танысу үшін осы Нұсқаулықтағы тиісті тармақты оқыңыз.


1. Ыдыс жуу машинасын орнатыңыз.




2. Ыдыс-аяқтан үлкен тамақ қалдықтарын алып тастаңыз. Алдын ала шаюдың қажеті жоқ.




3. Себеттерді жүктеңіз.



4. Жуғыш зат пен шайғыш затты қосыңыз.



5. Бағдарламаны таңдаңыз және құрылғыны іске қосыңыз.



ОРНАТУ

⚠ ЕСКЕРТУ



Электр тоғының соғу қаупі.

Ыдыс жуатын машинаны орнатар алдында қуат көзін өшіріңіз. Олай болмаған жағдайда өмірге қауіп төнеді және электр тоғының соғу қаупі бар.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Құбырлар мен электр жабдықтарын орнатуды тек мамандар жүзеге асыруы керек.

Электр желісіне қосу

⚠ ЕСКЕРТУ

Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін:

Бұл құрылғымен ұзартқыш кабельдер мен адаптерлерді пайдалануға болмайды.

Ешқандай жағдайда жерге тұйықтауға арналған клеммаларды электр қоректендіру кабелінен ажыратпаңыз.

Қуат қосылымына қойылатын талаптар

Құрылғы корпусындағы жапсырмада қажетті желі кернеуі туралы ақпарат бар; Ыдыс жуу машинасын тиісті қуат көзіне қосыңыз.

10A/13A/16A сақтандырғышын, инерциялық сақтандырғышты немесе ұсынылатын автоматты ажыратқышты пайдаланыңыз, сондай-ақ осы құрал үшін жеке тоқ тізбегін қамтамасыз етіңіз.

Электр желісіне қосу

Қуат көзінің кернеуі мен жиілігі техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілгендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Ашаны тек жерге тұйықталған розеткаға қосыңыз. Құрылғы қосылатын розетка ашаға сәйкес келмесе, розетканы ауыстырыңыз және адаптерлерді және т.б. қолданбаңыз, себебі олар қызып кетуге және өртке әкелуі мүмкін.

⚠ Қолданар алдында құрылғының дұрыс жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.

Орнатуға дайындау

Ыдыс жуатын машинаны сумен жабдықтау, кәріз және электрмен жабдықтау желілеріне қолданыстағы қосылыстарға жақын орнатқан жөн.


Ыдыс жуатын машинаның ағызу шлангісі ас үй раковинасына (ағызу) қосылатын жағын таңдаңыз.

Суық сумен жабдықтау желісіне қосылу

Суық сумен қамтамасыз ету

Суық су беретін шлангты 3/4 дюймдік шынтаққа жалғап, оның орнына мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Егер су құбырлары жаңа болса немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған болса, судың мөлдір екеніне көз жеткізу үшін суды ағызыңыз. Бұл сақтық шарасы су кірісінің бітеліп қалу және құрылғыны зақымдау қаупін болдырмау үшін қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Суық су беретін шланг краныңызға сәйкес келмесе, адаптер сатып алу үшін сантехника дүкеніне хабарласыңыз.

Қауіпсіз сумен жабдықтау шлангісі

Қауіпсіз су құбыры екі қабырғалы болуы керек. Бұл жүйе ішкі шланг тығыздалмаған болса және шлангтың сыртқы және ішкі қабықтарының арасындағы кеңістік сумен толтырылған болса, су құбырының бітелуін қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік шлангісін қосу

1. Шлангты құрылғының артқы жағындағы бөліктен босатыңыз.
2. Шланг қосқышын 3/4 дюймдік су шүмегіне бұраңыз.
3. Ыдыс жуу машинасын іске қоспас бұрын су құбырын ашыңыз. Қосылымның беріктігін тексеріп, ағып кетудің жоқтығына көз жеткізіңіз.


Қауіпсіздік шлангісін ажырату

1. Су беруді өшіріңіз.
2. Шлангты су шүмегінен бұрап алыңыз.

Су төгетін шлангты қосу

Су төгетін шланг раковина сифонына немесе диаметрі кемінде 40 мм болатын кәріз құбырына тікелей қосылуы мүмкін. Байланыстың қауіпсіз екеніне және ағып кетудің жоқтығына көз жеткізіңіз. Су төгетін шланг шамадан тыс майыспауы немесе қысылмауы керек. Шлангтің шығатын ұшы суға батырылмауы керек.

▲ Су төгетін шлангісін құбырлардан судың кері ағып кетуіне жол бермеу үшін оның жоғарғы нүктесі кәрізге шығатын жерден сәл жоғары болатын иілісі бар орнату ұсынылады. Шланг ішіндегі судың тоқырауын болдырмау үшін салбырамай орнатылуы керек.



Су төгетін шлангтің биіктігі

Су төгетін шлангтің бүкіл ұзындығы ыдыс жуу машинасының түбінен 100 см-ден жоғары орналаспауы керек, әйтпесе сорғының қуаты суды ағызу үшін жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда су төгетін шлангтің рұқсат етілген биіктік шегінде орналасқан қолайлы контейнерге (раковина және т.б.) ағызылуын қамтамасыз ету қажет.

Шлангты ұзарту

Су төгетін шлангты ұзарту қажет болса, қосымша шлангты пайдаланыңыз. Оның ұзындығы 4 метрден аспауы керек; әйтпесе тазалау тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Раковинаның сифонына қосу

Су төгетін шлангты раковина сифонына қосуға болады, егер оның үстінде арнайы фитинг болса. Шлангінің шығуы еденнен 1000 мм аспайтын биіктікте болуы тиіс. Егер онда тамақ қалдықтарын ұсақтағыш орнатылған болса, онда су төгетін шлангісін раковинаның сифонына шығаруға тыйым салынады, әйтпесе ұсақталған қалдықтар шлангіге қайта ағып, оны бұғаттайды.

Орнатуға дайындау

Ыдыс жуатын машинаны сумен жабдықтау, су бұру және электрмен қоректендіру желілеріне қолданыстағы қосылыстарға жақын орнатқан жөн. Артқы жағы оның артындағы қабырғаға, бүйір жағы - шкафтың қабырғасына немесе қабырғаның бүйіріне жанасуы керек.


Ыдыс жуатын машинаның шлангтары су құбыры мен су төгетін жерге қосылатын жағын таңдаңыз.

Аяқтарын орнату (міндетті емес)

Егер еден мен үстелдің төменгі бөлігі арасындағы қашықтық 820 мм-ден астам болса, орнату алдында ыдыс жуатын машинаның төменгі бөлігіндегі саңылауларға қосымша аяқтарды орнатуға болады.

1. Ыдыс жуатын машинаны артқы қабырғасына жатқызып қойыңыз.
2. Жиынтықтан ұзартқыш аяқтарды алып, құрылғының түбіндегі саңылауларға орналастырыңыз.

⚠ Ішінен судың ағып кетуін болдырмау үшін ыдыс жуатын машинаны бүйіріне қоймаңыз.




Орнату (кіріктірілетін үлгі)

1-қадам. Орнату орнын таңдау

Ыдыс жуатын машинаны сумен жабдықтау, су бөлу және электрмен жабдықтау желілеріне қолданыстағы қосылыстардың жанында орнату керек.


Тауашаның өлшемдері мен құрылғының орналасуы.

1. Құрылғының үстіңгі жағы мен үстел үсті арасындағы қашықтық 5 мм-ден аз. Машинаның сәндік есігі шкафтың шетімен тегістеледі.



2. Машинаны гарнитураның бұрышына орналастырған кезде ашық есіктің бүйірінен шкафқа дейінгі қашықтық кемінде 50 мм болуы тиіс.

⚠ Электр розеткаңыздың қайда орналасқанына байланысты сізге шкафтың қарама-қарсы жағында саңылау кесу қажет болуы мүмкін.





Қадам 2. Сәндік есікті орнату

▲ Сәндік панельді орнату үшін құрылғымен бірге берілген нұсқауларды орындаңыз.



Жартылай кіріктірілетін үлгі

А жабысқыштан жолақты және В жабысқақтағы жолақты бөліп алып, декоративтік есіктің ішкі жағындағы А жабысқақтағы жолақты бекітіңіз. В жабысқақ таспасын ыдыс жуатын машинаның есігіне бекітіңіз (А суретін қараңыз). Сәндік есікті орнатқаннан кейін оны бұрандалармен машинаның есігіне бекітіңіз (В суретін қараңыз).




Толығымен кіріктірілетін үлгі

Ілгектерді сәндік есікке орнатыңыз және ілгектерді ыдыс жуу машинасының есігінің тілігіне салыңыз (А суретін қараңыз). Панельді орнатқаннан кейін панельді бұрандалардың көмегімен сыртқы есікке бекітіңіз (В суретін қараңыз).



3-қадам: Есік серіппесінің керілуін реттеу

1. Есік серіппелері зауытта құрылғының есігі үшін тиісті керілімге реттеледі. Егер сіз сәндік есікті ілсеңіз, есік серіппесінің керілуін реттеуге тура келеді. Реттеу механизмі серіппені тарту немесе босату үшін реттеу бұрандасын бұрыңыз.




2. Есік толық ашық күйінде көлденең күйде қалып, бірақ саусағыңыздың аздап қозғалысымен жабылған кезде есік серіппесінің керілуі дұрыс реттелгенін көрсетеді.

4-қадам. Машинаны орнату реті

▲ Дұрыс орнату үшін суреттегі нұсқауларды орындаңыз

1. Конденсация жолағын үстелдің астына бекітіңіз. Конденсация жолағы үстелдің шетіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Суық су құятын шлангті су құбырына қосыңыз.
3. Су төгетін шлангті жалғаңыз.
4. Қуат сымын қосыңыз.
5. Ыдыс жуатын машинаны орнату қуысына орналастырыңыз.
6. Артқы аяқты ыдыс жуатын машинаның алдыңғы жағынан бұраманы ыдыс жуатын машина табанының ортасына кресттік бұранда арқылы бұрап реттеуге болады. Алдыңғы аяқтарды реттеу үшін тегіс бұранданы пайдаланыңыз және ыдыс жуатын машина тегістелгенге дейін алдыңғы аяқтарды бұраңыз.
7. Сәндік есікті ыдыс жуатын машинаның есігінің сыртына орнатыңыз.
8. Есік серіппелерінің керілуін бұрандаларды сағат тілі бойынша айналдыра отырып, айқастырма бұрағышының көмегімен реттеңіз - есіктің сол және оң жақ серіппелері бөлек- бөлек реттеледі. Бұл талапты орындамау ыдыс жуатын машинаның зақымдануына әкелуі мүмкін.
9. Ыдыс жуатын машинаны орнына бекітіңіз. Мұны орындаудың екі тәсілі бар:
 - a. Ағаш үстел үсті: Орнату ілгегін бүйірлік панельдің ойығына салып, оны бұрандалармен үстелдің үстіңгі тақтайына бекітіңіз.
 - b. Мәрмәр немесе гранит үстелі: бүйірлерін бұрандалармен бекітіңіз.




5-қадам. Деңгей бойынша туралау

Ыдыс-аяқ себетінің дұрыс жұмыс істеуі және сапалы жуу үшін құрылғыны орнатқаннан кейін көлденеңінен туралау керек.

1. Ыдыс жуатын машинаның тегіс тұрғанына көз жеткізу үшін есікке және суретте көрсетілгендей камера ішіндегі бағыттаушы сөрелерге деңгейді орналастырыңыз.
2. Ыдыс жуатын машинаны реттелетін үш аяқты жеке реттеп тегістеңіз.
3. Ыдыс жуатын машинаны тегістеу кезінде оның аударылып кетпеуін қадағалаңыз.

Тереңдігі бойынша
деңгеймен тексеру


Деңгеймен ені
бойынша тексеру



⚠ Аяқтарды ұзартудың максималды биіктігі 50 мм-ден аспауы керек.

ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Басқару панелі



		Сипаттама
1	Қосу/Өшіру	Құрылғыны қосу/өшіру
2	Бағдарлама таңдау	Жуу бағдарламасын таңдау үшін басыңыз. Бағдарламаның жанындағы сәйкес индикатор жанады.
3	Жартылай жүктеу	Егер ыдыстың жартысына жуық немесе одан аз толық жиынтығын жуу қажет болса, энергия мен суды үнемдеу үшін осы функцияны таңдаңыз. («Intensive», «ECO», «Шыны» бағдарламалары үшін).
4	Кейінге қалдырылған старт	Жууды кейінге қалдыру уақытын белгілеу үшін басыңыз. Жууды бастауды кейінге қалдырудың ең ұзақ уақыты - 24 сағат. Осы түймені әрбір басу таймер уақытын бір сағатқа өзгертеді.
5	Есікті автоматты түрде ашу	Ыдыс жуу процесі аяқталғаннан кейін жақсы кептіру нәтижесіне қол жеткізу үшін есік автоматты түрде ашылады. (Тек қана режимдермен пайдалануға болады («Қарқынды», «ЭКО», «Шыны», «90 мин» бағдарламалары үшін). Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін «Кейінге қалдырылған бастау» және «Жартылай жүктеу» түймешіктерін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Индикатор жанған кезде автоматты түрде ашу функциясы белсенді болады.

		Сипаттама
6 Бағдарлама индикаторлары	 Intensive	Қатты ластанған ыдыстар, кастрюль, табалар, кеуіп қалған тағамдары бар ыдыстар және т.б. үшін.
	ECO ECO	Орташа ластанған ыдысты жууға арналған стандартты бағдарлама, ыдыстың осы түрі үшін энергия мен суды тұтыну тұрғысынан неғұрлым тиімді бағдарлама болып табылады.
	 Шыны	Аз ластанған ыдыстар мен шыныларға арналған.
	 90 мин.	Стандартты ластанған ыдыс үшін, ұзақтығы 90 мин.
	 Жылдам	Кептірусіз аз ластанған ыдыстарға арналған қысқа бағдарлама.
7 Таймер индикаторы	 Кейінге қалдырылған старт индикаторы	Таймер жұмыс істеп тұрған кезде жанады.
8 Функциялар	 Автоматты ашу индикаторы	Есікті автоматты түрде ашу функциясы жұмыс істеп тұрған кезде жанады.
	 Жартылай жүктеу индикаторы	Жартылай жүктеме функциясы жұмыс істеп тұрғанда жанады.
9 Индикаторлар	 Шайғыш зат	Егер «  » индикаторы жанып тұрса, шайғыш зат жеткіліксіз және оны толтыру қажет.
	 Тұз	Егер «  » шамы жанып тұрса, тұз жеткіліксіз және оны толтыру қажет.
10 Дисплей		Бағдарламаның қалған уақытын, таймер уақытын, қате кодтарын, қызметтік хабарламаларды көрсетеді.

Бағдарламалардың сипаттамасы

Төмендегі кестеде әр түрлі ластану деңгейіне қай бағдарламалар ең қолайлы және қанша жуғыш зат қажет екені көрсетілген. Ол сондай-ақ бағдарламалар туралы әртүрлі ақпаратты көрсетеді. ECO бағдарламасын қоспағанда, төменде көрсетілген барлық деректер бағдарлы болып табылады.
(●) шайғышты қосу қажеттілігін білдіреді.

Бағдарлама	Бағдарламаның кезеңдері	Жуғыш заттың шығыны	Ұзақтығы (мин)	Энергия шығыны (кВт/ч)	Су шығыны (л)	
 Intensive	Алдын ала Негізгі (60 °C) Шаю Шаю (65-72 °C) Кептіру	$\frac{5/22 \text{ г}}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	175	1.005- 1.130	12.7	●
ECO (*EN50242)	Негізгі (45 °C) Шаю Шаю (45 °C) Кептіру	$\frac{27 \text{ г}}{1 \text{ таблетка}}$	198	0.615	9.0	●
 Стекло	Алдын ала Негізгі (45 °C) Шаю Шаю (55-60 °C) Кептіру	$\frac{5/22 \text{ г}}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	120	0.760- 0.805	12.7	●
 90 мин	Негізгі (55 °C) Шаю Шаю (60-65 °C) Кептіру	$\frac{27 \text{ г}}{1 \text{ таблетка}}$	90	0.830- 0.930	10.4	●
 Жылдам	Негізгі (45 °C) Шаю Шаю (45 °C)	$\frac{15 \text{ г}}{1 \text{ таблетка}}$	30	0.560	9.6	○

● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бұл бағдарлама сынақ бағдарлама болып табылады. EN 50242 стандартына сәйкес салыстыру сынағы үшін ақпарат төмендегідей:
- (*EN50242) • ажыратылған күйде тұтынылатын қуат - 0.45 Вт.
 - қосылған режимде - 0.49 Вт.

Ыдыс жуу машинасының себеттерін жүктеу

Ыдыс жуатын машинада жууға жарамдылығы туралы таңбасы бар ас үй керек-жарақтарын сатып алыңыз.

Ыдыс-аяқтың жекелеген түрлері үшін мүмкін болатын ең төменгі температураны таңдаңыз.

Зақымданудың алдын алу үшін бағдарлама аяқталғаннан кейін тікелей ыдыс жуатын машинадан бокалдар мен ас құралдарын шығармаңыз.

Ыдыс-аяқ пен ас құралдарының келесі түрлерін машинада жууға болмайды:

- Ағаштан, мүйізден, фарфордан немесе інжу-маржаннан жасалған тұтқалары бар құрылғылар;
- Ыстыққа төзімді емес пластиктен жасалған бұйымдар;
- Желімделген, ыстыққа төзімді емес бөлшектері бар ескі құрылғылар, желімделген ыдыстар мен ас құралдар;
- Қалайы немесе мыс ыдыс;
- Хрусталь;
- Тот басқан болат заттар;
- Ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар мен ыдыстар;
- Синтетикалық талшықтардан жасалған бұйымдар.

Шектеулі жарамдылық

- Шыны ыдыстардың кейбір сорттары, көп жуудан кейін күңгірттенуі мүмкін;
- Күміс және алюминийден жасалған заттар (әдетте жуу кезінде өз түсін жоғалтады);
- Жылтыратылған өрнектер (жиі жуған кезде өшуі мүмкін).

Себеттерді жүктеу кезіндегі сақтық шаралары

Ыдыс жуатын машинаның тиімділігін арттыру үшін берілген нұсқауларды орындаңыз. Ыдыс пен ас құралдарына арналған себеттерінің функциялары мен сыртқы түрі құрылғының үлгісіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Ыдыс-аяқтан үлкен тамақ қалдықтарын алып тастаңыз. Күйіп қалған тамақ қалдықтарын алдын ала жібітіңіз. Ыдыстарды ағынды сумен алдын ала шаю қажет емес.

Ыдыстарды машинаға келесідей салыңыз:

- Тостағандар түріндегі заттарды, бокалдар, кастрюль/таба және т.б. түбін жоғары қаратып орналастырыңыз.
- Иілген немесе ойықтары бар заттарды су ағып кетуі үшін көлбеу орналастырыңыз.
- Барлық заттарды олар сенімді тұратындай және аударылмайтындай етіп орналастырыңыз.
- Ас құралдары мен ыдыстарды бүріккіштер жуу процесінде еркін айналатындай етіп орналастырыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ыдыс жуатын машинаға тым ұсақ заттарды салмаңыз, өйткені олар себеттен түсіп кетуі мүмкін.

- Қуыс заттар, мысалы, шыныаяқтар, бокалдар, кәстрөлдер/табалар және т.б. заттың ішінде немесе ойықтарда судың жиналуын болдырмау үшін түбін жоғары қаратып қойыңыз.
- Ыдыс-аяқ пен ас құралдарын бір-біріне немесе басқа заттардың үстіне қоймаңыз.
- Бокалдар басқа заттармен жанаспауы керек, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.
- Тігінен орнатылған ұзын пышақтар қауіп төндіреді!
- Ұзын және / немесе өткір құрылғылар, мысалы, кескіш пышақтар, жоғарғы себетке көлденеңінен орналастырылуы керек.
- Ыдыс жуатын машинаны шамадан тыс жүктемеңіз. Олай болмаған жағдайда жуу тиімділігінің жеткіліксіздігі және электр энергиясының жоғары шығыны қауіп туындайды.

Ыдысты шығару

Судың жоғарғы себеттен төменгі себетке түсуін болдырмау үшін біз алдымен төменгі себетті, содан кейін жоғарғы себетті босатуды ұсынамыз.

⚠ ЕСКЕРТУ




ЫСТЫҚ ЫДЫС! Күйіп қалмас үшін, бағдарлама аяқталғаннан кейін шамамен 15 минут бойы ыдыс жуатын машинадан шыны мен ас құралдарын шығармаңыз.

Жоғарғы себетті жүктеу

Жоғарғы себет стақандар, кофе және шай ыдыстары және табақшалар сияқты неғұрлым жұқа және жеңіл ыдыстарға, сондай-ақ тәрелкелерге, шағын тостағандарға және терең емес табаларға (егер олар тым лас болмаса) арналған.


Ыдыс-аяқ пен ас үй жабдықтарын судың шашырауы оларды қозғалтпайтындай етіп орналастырыңыз.



Төменгі себетті жүктеу

Үлкен және қиын тазаланатын заттарды төменгі себетке орналастыру ұсынылады: мысалы, суретте көрсетілгендей, кастрюльдер, таба, қақпақтар, үлкен тәрелкелер мен тостағандар. Үстіңгі бүріккіштің айналуын бөгемеу үшін табалар мен қақпақтарды себеттің бүйірлеріне орналастырған дұрыс.

Жуғыш заттарға арналған мөлшерлегіш алдындағы тәрелкелердің максималды ұсынылатын диаметрі оны ашуға кедергі келтірмеу үшін 19 см құрайды.



Ас құралдарына арналған себетті жүктеу

Ас-үй құралдарын сәйкес сөреге немесе ас құралдарына арналған себетке бір-бірінен бөлек орналастыру керек, ас-үй құралдары бір-бірінің үстіне орналаспағанына көз жеткізіңіз, бұл жуу сапасын төмендетуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


Құрылғылардың үшкір бөліктері себеттің түбінен шықпауы керек. Ұштары бар ас-үй құралдарын төмен қаратып орналастырыңыз!



Себетті жүктеу нұсқасы


Ыдыс-аяқ пен ас құралдарын су ағындарының әсерінен қозғалмайтындай етіп орналастырыңыз.

1. Жоғарғы себет.




Номер	Атауы
1	Шыныаяқтар
2	Табақшалар
3	Стақандар
4	Шағын ыдыс
5	Орташа ыдыс
6	Үлкен ыдыс

2. Төменгі себет.



Номер	Атауы
7	Десерт тәрелкелері
8	Түскі ас тостағандары
9	Сорпа тәрелкелер
10	Сопақша тәрелкелер
11	Ас құралдары себеті



3. Ас құралдары сөресі



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сөреге ауыр заттарды қоймаңыз. Ол 1.5 кг-ға дейінгі жүктемеге арналған.

4. Ас құралдары себеті.



№	Атауы
1	Сорпа қасықтары
2	Шанышқылар
3	Пышақтар
4	Шай қасықтары
5	Десерт қасықтары
6	Үстелге арналған қасықтар
7	Шанышқылар
8	Шөміш

Себеттерді жүктеу бойынша кеңестер



Жоғарғы себетті биіктігі бойынша реттеу

Жоғарғы себеттің биіктігін жоғарғы және астыңғы себеттегі биік табақтарды орналастыру үшін оңай реттеуге болады.

Себеттің биіктігін реттеу үшін мына қадамдарды орындаңыз:



1. Жоғарғы себетті алға қарай сырғытыңыз.

2. Жоғарғы себетті шешіп алыңыз.



3. Себетті роликтердің жоғарғы (немесе төменгі) қатарына қойыңыз.

4. Жоғарғы себетті артқа қарай сырғытыңыз.



Шыныаяққа арналған сөрелерді жинау


Жоғарғы себеттегі биік заттарға орын босату үшін шыныаяқ сөресін жоғары көтеріңіз. Содан кейін оған биік стақандарды сүйей аласыз.




Төменгі себеттің істіктерін жинап қою

Төменгі себеттің істіктері тәрелкелер мен табаларды ұстағыштар ретінде қызмет етеді. Оларды ірі заттарға орын босату үшін түсіруге болады.

Жоғары көтеріңіз



Төмен қаратып қойыңыз



Су жұмсартқыш резервуарын тұзбен толтыру

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Судың кермектігі аймаққа байланысты ерекшеленеді. Ыдыс жуғыш машинада кермек суды пайдалану ыдыстар мен ас үй ыдыстарында шөгінділердің пайда болуына әкеледі. Бұл құрылғы судан әкті және минералдарды шығаруға арналған тұз контейнерін пайдаланатын суды жұмсартатын құрылғымен жабдықталған. Ыдыс жуатын машиналарға арналған арнайы түйіршіктелген тұзды ғана пайдаланыңыз.


Тұз резервуары төменгі себеттің астында орналасқан және төменде сипатталғандай толтырылуы керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ыдыс жуатын машиналар үшін арнайы дайындалған тұздарды ғана пайдаланыңыз!

Ыдыс жуу машиналарында қолдануға арналмаған кез келген басқа тұз, әсіресе ас тұзы суды жұмсартатын құрылғыны зақымдауы мүмкін. Өндіруші жарамсыз тұзды пайдалану нәтижесінде зақым келген жағдайда кепілдік бермейді және мұндай зақым үшін жауап бермейді.

Тұзға арналған резервуарды жуудың толық циклі басталар алдында ғана толтырыңыз. Бұл ыдыс жуу машинасының түбінде тұз кристалдарының немесе тегілген тұзды судың ұзақ уақыт болуын және коррозияның пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді.



1. Себетті шығарып, тұзға арналған резервуардың қақпағын бұрап ашыңыз.
2. Бірінші жуу алдында тұзға арналған резервуарға 1 литр су құйыңыз.
3. Құйғышты (жиынтыққа кіреді) резервуардың саңылауына салыңыз және шамамен 1.5 кг тұз төгіңіз. Контейнерден аз мөлшерде су төгілуі мүмкін, бұл қалыпты жағдай.
4. Резервуарды толтырғаннан кейін қақпақты сағат тілімен қайтадан бұраңыз.
5. Тұз жүктелгеннен кейін тұз деңгейінің индикаторы сенеді.
6. Тұзға арналған резервуарды толтырғаннан кейін бірден жуу бағдарламасын іске қосу керек (шаю немесе жылдам жуу режимі ұсынылады). Олай болмаған жағдайда тұзды су сүзгі жүйесін, сорғыны немесе құрылғының басқа маңызды бөліктерін зақымдауы мүмкін. Мұндай зақым кепілдікке кірмейді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

1. Тұзға арналған резервуарды басқару панеліндегі тұз деңгейінің индикаторы жанған кезде ғана толтырған жөн. Тұздың ерігіштігіне байланысты резервуар толтырылғаннан кейін индикатор жанып тұруы мүмкін. Егер басқару панелінде тұз деңгейінің индикаторы болмаса (кейбір үлгілерде), резервуарды толтыру мерзімін өткен жуу циклдерінің саны бойынша анықтауға болады.

2. Тұз жуу камерасына төгілсе, камерада артық тұзды кетіру үшін шаю немесе жылдам жуу бағдарламасын іске қосыңыз

Тұз шығынын реттеу

Тұз шығынының деңгейін су кермектігі реттегішінің көмегімен қолмен орнату керек.

Ыдыс жуатын машиналарға арналған тұз судан құрылғының жұмысына теріс әсер ететін минералдар мен тұздарды кетіруге арналған.

Минералдар неғұрлым көп болса, суыңыз соғұрлым қатты болады.

Тұздың шығыны аймағыңыздағы су кермектігіне қарай реттелуі керек.

Аймағыңыздағы судың кермектігі туралы ақпарат алу үшін жергілікті коммуналдық қызметтерге хабарласыңыз.

Тұз шығынын реттеу

Ыдыс жуатын машина пайдаланылған судың кермектігіне байланысты тұтынылатын тұз мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді. Бұл тұзды тұтыну деңгейін оңтайландыруға және реттеуге арналған.

Тұздың шығынын реттеу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз

1. Есікті ашып, құрылғыны қосыңыз.
2. Қосылған сәттен бастап 60 секунд ішінде тұз шығынын орнату режиміне өту үшін «Бағдарлама» түймешігін 5 секундқа басыңыз.
3. Судың кермектігіне байланысты тұзды тұтыну деңгейін таңдау үшін «Бағдарлама» түймесін басыңыз, өзгеріс келесі ретпен жүреді:
H3->H4->H5->H6->H1->H2->H3;
4. Теңшеуді аяқтау және қалыпты режимге оралу үшін «Қосу/Өшіру» түймесін басыңыз.

СУ КЕРМЕКТІГІ		Дисплейдегі көрсеткіш	Әрбір n-ші бағдарламадан кейін регенерация 3)	Тұзды тұтыну, г/цикл
°Ж 1)	ммоль/л ²⁾			
0-1.88	0-0.94	H1	Регенерациясыз	0
2.0-4.0	1.0-2.0	H2	10	9
4.2-6.0	2.1-3.0	H3	5	12
6.2-8.0	3.1-4.0	H4	3	20
8.2-12.0	4.1-6.0	H5	2	30
12.2-19.6	6.1-9.8	H6	1	60

Зауыттық теңшеу: H3

1. ҚР-да кермектілік кермектілік градусымен (°K) көрінеді. 1 °K литріне 1/2 миллимольге сәйкес келеді (1 °K = 1 мг-экв / л).
2. миллимоль/литр, су кермектігінің халықаралық бірлігі
3. Егер регенерация бағдарламаға енгізілген болса, ол қосымша 2 литр су, 0.02 кВт/сағ жұмсайды және оның уақытын 4 минутқа ұзартады.

Жуғыш зат және шайғыш зат функциясы

Шайғыш зат ыдыстарды дақ түсіріп, жолақ қалдыруы мүмкін су тамшыларының алдын алу үшін соңғы шайылу циклі кезінде дозатордан босатылады. Ол сондай-ақ ыдыстардан судың ағып кетуіне мүмкіндік беру арқылы кептіруді жақсартады. Сіздің ыдыс жуатын машинаңыз сұйық шайғыш затты қолдануға арналған.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ыдыс жуатын машиналарға арналған сапалы шайғыштарды ғана пайдаланыңыз. Шайғыш затқа арналған резервуарға басқа өнімдерді (мысалы, ыдысқа арналған жуу затын, сұйық тазалау заттарын) ешқашан құймаңыз. Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.

Шайғыш затты қай кезде қосу керек

Мөлшерлегішті толтыру мерзімділігі ыдыстың қаншалықты жиі жуылуына және шайғыш заттың реттелуіне байланысты болады.

Шайғыш заттың төмен деңгейінің индикаторы (☼) шайғыш затты толықтыру қажет болғанда жанады.

Шайғыш зат үлестіргішін шамадан тыс толтырмаңыз.

Шайғыш зат индикаторы жанбаса, шайғыш заттың мөлшерін әрқашан қақпақтың жанында орналасқан оптикалық деңгей көрсеткішінің түсі бойынша бағалауға болады. Шайғыш зат сауыты толған кезде индикатор толығымен күңгірт түсті болады. Шайғыш заттың мөлшері азайған сайын қара дақ мөлшері азаяды.

Шайғыш зат деңгейінің ешқашан 1/4 төмен түсуіне жол бермеу керек.

Шайғыш заттың мөлшері азайған сайын, шайғыш зат деңгейінің индикаторындағы қара нүктенің өлшемі төменде көрсетілгендей өзгереді.

● Толық ● 3/4 көлемі ● 1/2 көлем ● 1/4 көлемі ○ Бос

Жуғыш зат функциясы

Химиялық қоспалары бар жуғыш заттар кірді ыдырату және оларды ыдыс жуу машинасынан шығару үшін қажет. Ыдыс жуу машиналары үшін арнайы жасалған жуғыш заттарды ғана қолданыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жуғыш затты дұрыс қолдану

Ыдыс жуатын машиналарда пайдалануға арналған жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз. Жуғыш затты құрғақ ұстаңыз.

Ыдыс жуу машинасы іске қосуға дайын болмайынша диспенсерге жуғыш затты қоспаңыз.




Ыдыс жуу машиналарына арналған жуғыш заттар күйдіргіш болып табылады! Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.


Шайғыш зат қосу

Шайғыш зат ыдыстарда дақтар мен жолақтардың пайда болуын болдырмау үшін соңғы шаю циклі кезінде диспенсерден босатылады. Ол сондай-ақ судың ыдыс-аяқтан ағып кетуіне мүмкіндік беру арқылы кептіруді жақсартады. Ыдыс жуу машинасы сұйық шайғыш затты қолдануға арналған.


1. Резервуар қақпағын сағат тіліне қарсы бұрап ашыңыз.



2. Шайғыш затты резервуарға құйып, оның толып кетпеуін қадағалаңыз.





3. Қақпақты жабыңыз.



Шайғыш заттың шығынын реттеу

Механикалық реттегіштің көрсеткісін қажетті санға бұрыңыз. Мәні неғұрлым жоғары болса, ыдыс жуатын машина шаюды соншалықты көп пайдаланады. Егер ыдыс дұрыс құрғамаса немесе онда дақтар болса, онда ыдыста дақтар қалмайынша көрсеткіні үлкенірек мәнге бұраңыз. Ыдысыңызда жабысқақ ақшыл дақтар немесе шыны ыдыстарда немесе пышақ жүздерінде көкшіл қабықша болса, оны азайтыңыз.





Шығын реттегіші

Жуғыш зат қосу

1. Түймені басу арқылы бөлімнің қақпағын ашыңыз.



2. Негізгі жууға арналған негізгі бөлімге (А) жуғыш затты қосыңыз. Жақсы нәтиже үшін, әсіресе ыдысыңыз өте лас болса, есікке аз мөлшерде жуғыш зат (В) қосыңыз. Қосымша жуғыш зат алдын ала жуу кезеңінде іске қосылады.



3. Қақпақты сырт еткен дыбысқа дейін жабыңыз

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Өндірушілердің жуғыш заттарды қалай пайдалану керектігі туралы ұсыныстарын орындаңыз.

Энергияны үнемдеу бойынша кеңестер

1. Ыдысты алдын ала шаю су мен энергияның көп шығынына әкеледі.
2. Ыдыс жуатын машинада ыдысты жуу әдетте, егер ыдыс жуатын машина нұсқаулыққа сәйкес пайдаланылса, ыдыстың ұқсас мөлшерін қолмен жууға қарағанда аз энергия мен суды талап етеді.

Жуу бағдарламасын іске қосу

- Ыдыс-аяқ пен ас құралдарын себетке салыңыз («Себеттерді жүктеу» бөлімін қараңыз). Алдымен төменгі, содан кейін жоғарғы жағын жүктеу ұсынылады.
- Жуғыш затты қосыңыз («Жуғыш затты қосу» бөлімін қараңыз).
- Ашаны розеткаға қосыңыз. Нәр беруші 220-240 ауыспалы тоқ 50 Гц. Су шүмегі толығымен ашық екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны қосу үшін қосу түймесін басыңыз.
- «Бағдарламалар кестесі» бойынша сәйкес бағдарламаны таңдаңыз.
- Бағдарлама таңдалса, сәйкес индикатор жанады. Содан кейін есікті жауып, ыдыс жуатын машина жұмыс істей бастайды.

Бағдарламаны өзгерту

Жуу бағдарламасын тек цикл басында ғана өзгерте аласыз. Әйтпесе, жуғыш зат еріген, немесе жуғыш зат қосылған су төгілген болуы мүмкін. Бұл жағдайда бағдарламаны қайта іске қосу қажет.

Бағдарламаны өзгерту үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Ыдыс жуу машинасын тоқтату үшін есікті сәл ашыңыз, бүріккіш түтік жұмысын тоқтатқаннан кейін есікті толығымен ашуға болады.
2. «Бағдарлама» түймесін 3 секунд басыңыз, машина бағдарламаларды таңдау режиміне өтеді.
